


- 2) салицил қышқылының амиді [салициламид (II)] және оның туындылары – p-оксибензолсалициламид [оксафенамид (III)];
- 3) карбоксил тобы есебінен түзілген эфирлері [метил (IV) және фенил эфирі – фенилсалицилат (V)];
- 4) фенол гидроксиді есебінен түзілетін эфирлері [ацетилсалицил қышқылы, немесе аспирин (VI)].



Бұл барлық туындылар әсер ету сипаты бойынша өзара жақын, бірақ сонымен қатар айырмашылықтары да бар. Мысалы, натрий салицилаты мен салициламид ревматизм кезінде пайдаланылады; алкилді күрделі эфирлері (метилсалицилат) тері арқылы жақсы сіңірілетіндіктен, ревматизм кезінде сырттай пайдаланылады. Алкилді күрделі эфирлері (ацетилсалицил қышқылы) өте күшті антипириттік және анальгетикалық әсер етеді; фенил эфирі - фенилсалицилат, немесе салол, - антисептик; оксафенамид - өт айдайтын құрал.

m-Оксибензой қышқылын (балқу т. 199-200°C) өнеркәсіпте бензой қышқылын сульфурлеу арқылы алынатын m-сульфобензой қышқылын сілтілік балқыту жолымен алады. Оның бактерицидтік қасиеттері жоқ, бірақ бояулар үшін жартылай өнімдер ретінде белгілі құны бар, сонымен қатар, басқа изомерлермен салыстырғанда жоғары термиялық тұрақтылығы-